

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Орталық комитеті мен Атқару комитетінің 2021-2022 жылдары қабылданған қаулыларының орындалу барысы туралы ақпарат

Орталық комитет, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті XIV Съездің шешімдерін жүзеге асыру мақсатында практикалық шаралар қабылдауда.

2021-2022 жж Кәсіподақтың Орталық комитетінің 3 отырысы, Атқару комитетінің 13 отырысы өткізіліп, оларда салалық кәсіподақ және мүшелік ұйымдар қызметінің негізгі бағыттары бойынша 80-нен астам қаулы қаралып, қабылданды.

Қабылданған шешімдер мен ұсынымдар Кәсіподақтың негізгі жарғылық міндетін – кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін білдіру мен қорғауды орындауға, кәсіподақ қозғалысын одан әрі дамыту мен нығайтуға бағытталған.

Кәсіподақтың басқару органдарының шешімдерінің басым бөлігі уақытылы және толық көлемде орындалады.

Бұл ретте, барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының жұмысын талдау, жоспарлы кешенді және тақырыптарға сәйкес тексерулер Кәсіподақтың уәкілетті органы – Орталық Комитеттің және атқарушы органы – Атқару комитетінің жеке тапсырмалары мен қаулыларының толық, әрі тиісті деңгейде орындалмағанын көрсетеді. Тиісті тапсырмаларды орындау мерзімдерін бұзу фактілері бар.

Осылайша, Атқару комитетінің кәсіподақ мүшелігі мен кәсіподақ органдары туралы статистикалық есептің қорытындылары туралы шешімі тиісті деңгейде орындалмай отыр. Статистикалық ақпаратты жекелей мүшелік ұйымдар бірнеше рет ескерту жасағаннан кейін ұсынатынын атап өту қажет. Ұсынылған ақпарат сапасыз, оған қоса берілетін түсіндірме жазбаларда негізгі көрсеткіштердің төмендеу себептері көрсетілмеген.

Орталық комитеттің сала қызметкерлерін кәсіподақ құрамына тарту шараларын жандандыру, жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру, кәсіподақтың мүшелік базасын нығайту туралы қаулылары орындалмай отыр. Бірқатар мүшелік ұйымдарда кәсіподақ мүшелігін ынталандыру мәселелері бойынша кәсіподақтың басқару органдарының тапсырмалары орындалмай келеді.

Келесі мүшелік ұйымдарда жұмыс жасайтын кәсіподақ мүшелерінің саны әртүрлі себептермен азайып жатқаны байқалады: Қарағанды – 4249, Ұлытау – 3332, Атырау – 1628, Жамбыл – 1473, Ақмола – 1156, Маңғыстау – 1037 (облыстары).

Жыл сайын кәсіподақ мүшелерінің саны туралы статистикалық есеппен бірге ұсынылатын түсіндірме жазбаларды жасау кезінде мүшелік ұйымдар тиісті жауапкершілікпен қарамайтынын атап өту қажет. Сонымен, кәсіподақ мүшелерінің санына салыстырмалы талдау жасау, аналитикалық тәсілдермен есептеу жиі болмайды. Мүшелік ұйымдардың жартысынан астамы

«қабылданды» және «шығып кетті» деген тармақтарда қате ақпараттар жіберген, бұл бағытта тиісті деңгейде есептелмегенін және жауапкершіліктің жоқтығын көрсетеді.

Көптеген мүшелік ұйымдар жалпы көрсеткіштер бойынша өз аймақтары мен ұйымдарындағы мүшелік базаны одан әрі нығайту жөнінде көп жағдайда қол жеткізе бермейді. Қазіргі уақытта жұмыс жасайтын қызметкерлер арасында кәсіподақ мүшелігінің жалпы қамтылуы небәрі 85,9 % құрайды. 92,9 мың жұмысшы кәсіподаққа қосылмаған.

Орталық комитеттің 2022 жылғы 22 ақпандағы қаулысына сәйкес кәсіподақ органдарына еңбек ұжымдарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жандандыру тапсырылды. Бұл саладағы жұмыстар Әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссия бекіткен Еңбекті қорғау салалық басқару жүйесіне сәйкес жүргізілуі керек. Өкінішке қарай, статистикалық ақпаратқа сәйкес бұл бағыттағы жұмыстар тиісті деңгейде орындалмай келеді. Өткен жылдың өзінде өндірістік жарақат алғандардың саны 33 адамды құрады, оның ішінде 10 адам ауыр жағдайда, 3 жағдай өліммен аяқталды.

Бұл мәліметтер еңбекті қорғау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың, еңбек инспекциясы, ТЖД-мен бірлескен жұмыстар және техникалық инспекторларды оқытуды ұйымдастыру төмен деңгейде екенін көрсетеді.

Жекелей мүшелік ұйымдарда, есептер мен ақпараттар көрсеткендей, қызметкерлерді құқықтық қорғаудың, еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырудың тиімділігі төмен деңгейде қалып отыр.

2022 жылғы есептерге сәйкес, Қостанай (-1%), Абай, Жетісу, Түркістан облыстық ұйымдарында және Алматы қалалық «Ұстаз» ұйымында қоғамдық бақылауды қамту төмен деңгейде қалып отырғанын атап өту қажет.

Кәсіподақтың басшы органдарының отырыстарында ақпараттық жұмысты одан әрі жетілдіру, салалық кәсіподақта бірыңғай ақпараттық жүйе құру, заманауи технологияларды енгізу және салалық кәсіподақ сайтын, Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерді белсенді пайдалану шаралары туралы мәселе бірнеше рет қарарлды.

Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдарына кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау саласындағы кәсіподақ органдарының қызметін жан-жақты жариялау мақсатында, кәсіподақ органдары мен жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл тәжірибесін, нысандары мен әдістерін жетілдіру, тұрақты түрде баспасөз конференцияларын өткізу, қызметкерлерді салалық, аймақтық келісімдер мен ұжымдық шарттардың орындалуы туралы жүйелі түрде хабардар ету тапсырылды.

Көбінесе бұл бағыттағы жұмыстарға немқұрайлы қаралады. Facebook парақшасы мен Кәсіподақ сайтындағы талдамалық ақпаратқа сәйкес ең аз материалдарды Ақмола, Қостанай («Қорғау») облыстық, Астана қ., Алматы қалалық «Ұстаз», Шымкент қалалық ұйымдары жариялады.

Абай облыстық кәсіподақ ұйымы бүгінде жеке ақпараттық алаңы жоқ жалғыз ұйым болып табылады. Абай облыстық білім беру ұйымдарының кәсіподақ мүшелері кәсіподақ саласында ақпараттық кеңістіксіз қалып отыр. Аталған кәсіподақ ұйымының басшылығы Кәсіподақтың алқалы органдарының шешімдерін жүйелі түрде назардан тыс қалдырып отыр.

Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдары кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау саласындағы кәсіподақ органдарының қызметін жан-жақты қамту, кәсіподақ органдары мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы өзара іс-қимыл тәжірибесін, нысандары мен әдістерін жетілдіру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары, тұрақты түрде баспасөз конференцияларын өткізеді, салалық, аймақтық келісімдер мен ұжымдық шарттарды орындау туралы еңбекшілерді жүйелі түрде хабардар етеді.

Мүшелік ұйымдар қызметінің басым бағыттарының бірі кәсіподақтық оқытудың тиімділігін арттыру болып табылады. Осы мақсатта кәсіподақ кадрлары мен белсенділерін даярлау тұжырымдамасының ережелерін іске асыру арқылы кәсіподақтық оқытудың жүйелілігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, кәсіподақ ұйымдарына жүктелген мәселелерді шешу үшін кәсіподақ кадрларының біліктілігі мен дағдыларын дамытуға оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру нысандарын жолдау қажет.

2022 жылы кәсіподақтық оқытулар санының ең аз қамтылуы келесі облыстық ұйымдарда: Алматы қалалық, Атырау, Қостанай («Қорғау»).

Мүшелік ұйымдарға Атқару комитетінің «Кәсіподақтағы цифрландыру туралы» қаулысын жүзеге асыру бойынша шаралар қабылдау қажет. Қаулыда кәсіподақ мүшелерінің бірыңғай цифрлық есебін жүргізу бағдарламасын әзірлеу мен енгізуді қамтамасыз ету, есептіліктің барлық түрлері мен нысандарын электронды (цифрлық) форматқа көшіру тапсырылды.

Осы қаулыны жүзеге асыру аясында Кәсіподақ «Avalonсервис» ЖШС-мен келісімшарт жасасты. «Avalonсервис» ЖШС мүшелік ұйымдар аппаратының жауапты қызметкерлерін электронды құжат айналымы форматында оқыту, сондай-ақ цифрлық мүшелік базаны есепке алу бойынша жұмысты жергілікті жерде және онлайн режимінде ұйымдастырды. Кейбір мүшелік ұйымдар осы қаулыны орындаудың маңыздылығына бей-жай қарайды. Сонымен қатар цифрландыру бойынша оқыту семинарларына тиісті деңгейде қатысуды қамтамасыз етпеді (Ұлытау, Ақмола облыстары).

Цифрландыруды ұйымдастыру үшін мүшелік базасын электронды форматта ұсыну бойынша әлі аяқталмаған жұмыстар бар (Қарағанды, Батыс Қазақстан, Атырау, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Ұлытау, Қызылорда, Түркістан облыстық ұйымдары).

Салалық Кәсіподақтың басқару органдарының шешімдерін тиісті деңгейде орындамау Кәсіподақ жұмысының тиімділігін төмендетеді және Кәсіподақтың имиджіне елеулі нұқсан келтіреді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Орталық комитетінің Ұйымдастыру жұмыстары бөлімі